

XFTAP
03.20:

Талғатбек Әминов^{1*}, Нұржан Конрбаев²

¹ҚР Ғылым және жоғары білім Министрлігі Ғылым комитетінің
Мемлекет тарихы институтының
бас ғылыми қызметкері, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Астана, Қазақстан
e-mail: aminovtm@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0002-2815-9676>

²ҚР Ғылым және жоғары білім Министрлігі Ғылым комитетінің
Мемлекет тарихы институтының
жетекші ғылыми қызметкері, PhD
e-mail: nurjan12.kz@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0003-1284-3403>

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ТҰЛҒА РӨЛІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. Тәуелсіздік жылдары Қазақ тарихы мен билік дәстүрін сақтаған мемлекеттілік тарихын жазуға зор мүмкіндіктер ашылды, зерттеу тақырыптарының мазмұны түбегейлі өзгерді. Осыған орай, мақалада қазіргі Қазақстан тарихындағы тұлғатану тұжырымдамасының теориялық-әдістемелік тәсілдерінің жаңа бағыттарын ашып көрсетуге, тұлғатанудың отандық және кейбір шетелдік үлгілерін сипаттауға назар аударылды.

Соңғы жылдары қазақстандық тарихнамада қазақ қоғамында маңызды рөл атқарған тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі туралы көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді. Дегенмен, отандық тарихнамада тұлғатанудың әдіснамалық мәселелерін зерттеуге және өңдеуге көп көңіл бөлінбей келеді. Осы себептен, біз мақаламызда қазіргі кезеңдегі Қазақстан тарихындағы тұлғатанудың жаңа әдіснамалық негізін зерттеудің маңыздығына назар аударып, аталған олқылықтың орнын толтыруға тырысып бақтық.

Түйін сөздер: Ұлы дала, тұлға, тұлғатану, зерттеу тәсілі, биографиялық зерттеу, әдіс, әдіснама, тарихнама, тұжырымдама, тарихи қайраткер.

Талгатбек Аминов, Нуржан Конрбаев

ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ РОЛИ ЛИЧНОСТИ В ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

Аннотация. За годы независимости были открыты большие возможности для написания истории государственности, сохранившей казахскую историю и традиции власти, кардинально изменилось содержание тем исследования. В этой связи, в статье было уделено внимание раскрытию новых направлений теоретико-методологических подходов к концепции персонификации в современной истории Казахстана, описанию отечественных и некоторых зарубежных моделей персонификации. За последние годы в казахстанской историографии опубликовано много научных трудов о жизни и деятельности исторических личностей, сыгравших важную роль в казахском обществе. Однако в отечественной историографии не уделяется особого внимания изучению и обработке методологических проблем персонификации. По этой причине в нашей статье мы постарались восполнить данный пробел, обратив внимание на важность изучения новой методологической основы персонификации в истории Казахстана на современном этапе.

Ключевые слова: Великая степь, личность, персонификация, исследовательский подход, биографические исследования, метод, методология, историография, концепция, исторический деятель.

Talgatbek Aminov, Nurzhan Konrbayev

THE PROBLEM OF STUDYING THE ROLE OF IDENTITY IN THE HISTORY OF KAZAKHSTAN

Abstract. Over the years of independence, great opportunities have been opened for writing the history of statehood, which has preserved the Kazakh history and traditions of power, and the content of research topics has changed dramatically. In this regard, the article paid attention to the disclosure of new directions of theoretical and methodological approaches to the concept of personal development in the modern history of Kazakhstan, the description of domestic and some foreign models of personal development. In recent years, many scientific works on the life and work of historical figures who played an important role in Kazakh society have been published in Kazakh historiography. However, Russian historiography does not pay much attention to the study and processing of methodological problems of individualization. For this reason, in our article we have tried

to fill this gap, drawing attention to the importance of studying the new methodological basis of individualization in the history of Kazakhstan at the present stage.

Keywords: *Great Steppe, identity, personification, method of research, biographical research, method, methodology, historiography, concept, historical figure.*

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта тарихтағы тұлғаның рөліне қатысты мәселелер тарих ғылымының басты тақырыптарының біріне айналды және бұл тарихи биография (өмірбаян) тарихнамасында «тұлғатану» деген атаумен белгілі болды. Осы тұрғыдан алғанда, еліміздің тарихшылары тарихтағы жеке тұлғаның рөлін, әсіресе тарихи қайраткерлердің өмірі мен шығармашылығын, тарих пен жеке тұлғаның өзара қатынасы мен ықпалы мәселелерін зерттеуге үлкен қызығушылық танытуда. Мұндай қызығушылық қазіргі кезеңдегі тарих ғылымындағы айтарлықтай өзгерістердің орын алуымен, жаңа субъектілердің және биографиялық тұрғыдан зерттеу тақырыптарының, сонымен бірге жаңа бағыттар мен әдістердің ашылуымен байланысты болып отыр. Сондықтан, соңғы жылдары тарих ғылымында биографиялық зерттеулердің рөлі мен маңызы сияқты әдіснамалық мәселелер кеңінен талқылануда. Осы себептен, жеке тұлға факторы тұрғысынан тарихи үрдістерді тану барысында биографиялық тәсіл өзінің дамуының көп ғасырлық жолынан өтіп, қазіргі уақытта тарихи деректерді зерттеу тәсілдерінің бірі ретінде өз мәртебесіне ие болды (Сактағанова 2023).

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Тұлғатану тұжырымдамасына арналған ұжымдық ізденіс шеңберінде көтерілген мәселелерді қарастыру барысында тарихилық, объективтілік және жүйелік принциптері басшылыққа алынды. Аталған принциптер өткен құбылыстарды, соның ішінде тұлғатанудың маңызды әдісі болып саналатын биографиялық тәсілдің қалыптасуын, дамуын және өзгеруін тарихи байланыста жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ «Ескі биографиялық тарих» пен «Жаңа биографиялық тарихтың» айырмашылықтары мен ерекшеліктерін анықтау барысында салыстырмалы талдау әдісі де қолданылды. Тарихи тұлғаны тану барысында маңызды рөл атқаратын биографиялық бағыттың дамуын зерттеу процесінде кезеңдеу әдісі де пайдаланылды. Тұлғатану тек қана кез кел-

ген бір жеке тұлғаның өмірлік жолын түсінуге емес, сонымен бірге, тұлғаның қызметін, басқа тұлғалармен өзара ықпалдастығын ұғынуға мүмкіндік беріп, тарихи шындықтың мазмұнын қайта жаңғыртуға көмектеседі.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қазақ елі тарихында маңызды рөл атқарған тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі туралы көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді. Бірақ, еліміздің тарихнамасында тұлғатанудың методологиялық негізі мәселелерін зерттеуге айтарлықтай көңіл бөлінбей келеді. Сондықтан біз мақаламызда қазіргі кезеңдегі Қазақстан тарихындағы тұлғатанудың жаңа әдіснамалық негізін зерттеудің маңыздығына назар аудардық. Белгілі тарихшы А.Күзембайұлының пікірінше, кез келген тарихи шығарма дерек негізінде жазылатындығы белгілі. Сондықтан да архив деректерін іздеу, табу және талдау, сөйтіп оларды ғылыми айналымға қосу оңай шаруа емес. Оның үстіне көрші елдер архивіндегі халқымыз тарихына қатысты құжаттарды алу тіпті қиындап кетті. Тәуелсіздік жылдарында жинақталған архив құжаттарының ғылыми айналымға толықтай түспей жатқандығы да белгілі. Өйткені оларды оқитын және талдайтын маманға зәруміз. Бүгінде жер-жерлерде тұлғалар жөнінде ірілі-уақты кітап, кітапшалар шығып, ескерткіштер қойылып жүр. Алайда қазіргі кезде тарихи тұлғаларға орнатылған ескерткіштердің ғылыми мәртебесін айқындау және олар жөніндегі деректерді жүйелеу жұмыстары жеткіліксіз деңгейде жүргізілуде. Сонымен қатар кей жағдайларда белгілі бір тұлғаларға көше атауын беру үрдісінде туыстық немесе материалдық факторлардың ықпалы байқалатыны да жоққа шығаруға болмайды. Осыған байланысты тұлғатану ғылымын жүйелі түрде қалыптастыру және оның теориялық-әдіснамалық негіздерін нақтылау – өзекті ғылыми міндеттердің бірі болып табылады. Оның методологиялық және теориялық негіздерінің жасалуы кезек күттірмейтін мәселе (Күзембайұлы 2018). Осыған байланысты Алматыдағы Абай атындағы университетте «Ұлы дала тұлғалары» орталығы (04.04.2019 күні) «Тұлғатанудың ғылыми негіздері: бүгінгі мен болашағы тақырыбымен дөңгелек үстелде сөйлеген белгілі қоғам қайраткерлері мен тарихшылардың пікірлеріне назар аударуды жөн көрдік. Дөңгелек үстелде ұлы даланың ежелгі тұлғалары, тұлғатанудың методологиялық қырлары, ұлы дала би-шешендері – қазақ өркениетінің мемлекетшіл қайраткер, дана тұлғалары, ұлы даланың ойшылдарының мәдени мұралары мен тұлғалық танымдылығы, тұлғатанудың саяси қызметі хақында ғылыми негізді тұжырымдарын ортаға салды.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков: «Ұлы даланың тарихы дегеніміз шын мәнінде осы аймақта халықты басқарған және елге әртүрлі жағымды, ерекше қасиеттерімен кеңінен танылған тұлғалардың тарихы болып шығады. Мемлекеттің де, халықтың да тарихы жеке есімдермен тығыз байланысты. Біз тұлғаларды танытуды о баста Маркстік методологиямен жаздық. Тұлғатанудың басын біз әлі ашқан жоқпыз. Ол үшін алдымен методологияны дұрыстауымыз керек (Назаралы 2019) - деді.

Одан кейін сөз алған профессор Хангелді Әбжанов тұлғатануға тоқтала келе: «Тарихты үш нәрсе жасайды, ол: халық, тұлғалар, билік. Тарихтың негізін құрайтын нәрсе: жер, тіл, мемлекет. Мемлекеті бар елдің тарихы жүйеленеді. Тұлғатану ілімін мен төрт деңгейге бөлер едім. Біріншісі, әлемге танылған тұлғалар (әлемдік деңгей), оның ішінде қаншама еленбей келе жатқан тұлғалар бар; екіншісі, құрлықтың деңгейіндегі тұлғалар, үшіншісі, өңірлік деңгейдегі тұлғалар, яғни, Орта Азияға танымал тұлғалар; төртіншісі, Ұлттық деңгейдегі тұлғалар. Оған сәйкес пән ретінде оқытылатын методологиялық бағыт болуы керек. Расында да, біз тұлғаларды Кеңестік методология бойынша танып келеміз, оны әлі тастай алған жоқпыз. Ұлттық деңгейде көтере алған жоқпыз. Еліміз мұнаймен де басқамен де байымайды. Елімізді дамытатын ғылым. Еліміз ғылым арқылы дамиды жолға көшті» (Назаралы 2019) деді. Атап өткен пікірлерді талдау негізінде қазақ тарихының түрлі кезеңдерінде ел дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті тұлғалардың көп болғанын ғылыми тұрғыда пайымдауға болады.

Зерттеуші Сәбит Шілдебайдың пікірінше, Ұлттық тарихымыздың қайнар көзі болып табылатын «тұлғатану» жанрын жазуда төмендегідей қағидаларды басшылыққа алғанымыз жөн сияқты: Біріншіден, бір тарихи тұлғаны көтеру үшін, екінші бір тарихи тұлғаны төмендетуге болмайды. Яғни, қайраткерге баға бергенде оны басқа қайраткермен салыстыру арқылы емес, «осы қайраткер қазақ халқының дамуына қандай еңбек сіңірді немесе қандай үлес қосты?» деген сұраққа жауап беру арқылы баға берген орынды. Екіншіден, кеңес билігінің орнауы мен қалыптасуы жылдарындағы «алашордашыл» және коммунист қайраткерлерді бір-біріне қарсы қойып салыстыру, бір жағының әрекеті мен идеясын жақтау үшін екінші тарапты жамандауға жол беруге болмайды (Шілдебай 2019).

Х. Әбжановтың пікірінше, тарихи зерттеу методологиясы дегеніміз, нақты мәселеге (тақырыпқа, жобаға, тұлғаға) қатысты деректер мен аймақтарды біліктілікпен айна қатесіз табу, әрі солардың байланысы мен

қисынын талдау негізінде тарихи үдеріс пен оқиғаның бастау көзін, барысын, ірілі-ұсақты нәтижесін, себептері мен салдарын, қысқасы, барша болмыс-бітімін, құпиясы мен жұмбағын халықтың һәм мемлекеттің өз дәуірі кезеңіндегі мүддесі биігінен, тұлғаның әрекетімен, жаһандық ахуалды ескере, ғылыми тиянақтау – жаңалық ашу, ақиқатты айту амал-тәсілдері. Ғалымның тұжырымдауынша, тіл мен жер және мемлекет тарихтың субстраты бола тұра, өздігінен тарихты түзбейді. Бұларды тарих шығыршығын айналдыруға жегетін үш қозғаушы күш бар. Біріншісі – халық, екіншісі – тұлға, үшіншісі – билік. Халықты тарихтың субъектісі ретінде зерделеуші методологиялық пайым мемлекеттегі демократия, азаматтық қоғам, саяси жүйе, экономикалық белсенділік, ұлтаралық, дінаралық қатынастар сияқты өзекті тақырыптарды жан-жақты саралауға, басқалармен салыстыра отырып, тануға мол мүмкіншілік тудырады (Әбжанов 2015).

Қазақстан тарихындағы біртуар адамдардың өмір жолына қатысты өзекті ғылыми мәселелерді талқылау, ұлы тұлғалардың тарихтағы рөлін айқындау, олардың қазақ халқына деген қызметін көрсету мақсатында 2019 жылы Алматыдағы Ш.Ш. Уалиханов атындағы Тарих және этнология институты Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын жүзеге асыру аясындағы Отан тарихындағы тұлғаның рөлі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізді. Конференцияда тарих ғылымы, этнология, лингвистика, мұражай ісі, журналистика және т.б. саласындағы жетекші мамандардан тұратын академиялық жұмыс тобының жасаған негізгі жұмыстарының нәтижелері талқыланды. Конференцияға қатысушылар Ұлы даланың ұлы тұлғалары туралы зерттеудің отандық тарих ғылымының белсенділігі мен халықаралық қауымдастықпен ынтымақтастығын арттырудағы маңыздылығын атап көрсетті (Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласын жүзеге асыру аясындағы Отан тарихындағы тұлғаның рөлі» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдар жинағы 2019).

Енді тұлғатанудың өмірбаяндық (биографиялық) зерттеу тарихының кейбір кезеңдеріне, соның ішінде персоналды (тұлғаны) әлемдік және отандық ғылыми таным процесінде орын алған зерттеу деректеріне тоқталып өтейік. Тарих ғылымының қазіргі даму кезеңінде жеке тұлғаның тарихтағы рөлі мәселесі басымдықтардың біріне айналды, әсіресе егер бұл лайықсыз (әділетсіз) ұмытылған тарихи тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын зерттеуге қатысты болса. Әр дәуір өз замандастарының қызығушылығын тудыра отырып, ұлтқа сіңірген еңбегіне қарай тұлғалардың есімдерін алады. Өмірбаян - «биография» - «bios» - «өмір» және

«графо» - «жазу» деген екі сөзді біріктіруі арқылы «biographia» - «өмірді баяндау» ұғымы пайда болды. Өмірбаяндық зерттеу тарихының өзі үлкен танымдық мәнге ие. Сонау Ежелгі Мысыр дәуірінде өмірбаяндық жазбалар болған. Мәселен, өмірден озған адамдардың еңбегін тізімдейтін мысырлық қабір жазбалары өмірбаяндық сипатқа ие. Тарихи өткенді оның жеке тұлғаларының өмірбаяны арқылы мақсатты түрде қайта құру ежелгі дәуірде кең таралды, өмірбаян мен тарихтың өзара байланысының классикалық деректерін Светоний, Плутарх, Тацит еңбектері арқылы еске түсірудің өзі жеткілікті. Мұндай зерттеулердің жарқын үлгілеріне Гай Транквилл Светонийдің «12 Цезарьдың өмірбаяны», «Демосфен және Цицерон», «Лисандр мен Сулла», Плутархтың «Александр мен Цезарь» еңбектері және т.б. жатады (Светоний 1993).

Орта ғасырлар дәуірінде тарихи өмірбаяндық зерттеу жойылып кете жаздап, негізінен өмірлік-иконографиялық сипатқа айналды. Сол дәуірде әулиелердің өмірбаяны ерекше таралымға ие болды. Бұл жағдайда әр автордың өз кейіпкерінің рухани және тарихи мағынасын күнделікті тіршілікті сипаттаудан тазартуға деген табиғи ұмтылысы оның түпкілікті мақсатына айналады. Кейінірек, жаңа саяси жағдайлар пайда болған кезде, таптық сипаттағы өзін-өзі тану күшейіп, жалпы сауаттылық артып, өмірбаяндарға деген қызығушылық әдеттен тыс күшейіп, қайта өрлеу дәуірі оларды қалпына келтіреді. Өмірбаяндық әдебиеттердің мол ағымы қоғамның тыныс-тіршілігін сипаттайтын ойлар мен міндет-мақсаттарды қамтиды. Өмірбаянның арнайы теориясы тарихнаманың жалпы теориясымен үнемі байланыста дамиды. Онда монархтармен және қолбасшылармен бірге саудагерлер мен кәсіпкерлер, саяхатшылар мен ғалымдар, қоғам қайраткерлері, тіпті қарапайым адамдар пайда болады, ал иконалық суреттердегі адамдардың маңыздылығы төмендей түседі (Миколецкий 1970).

Жаңа дәуірге дейін өмірбаянның мақсаты кейіпкерлердің рухани және физикалық келбетін қайталау, үлгі-өнеге жасау болды. Жаңа заманның өмірбаянының негізі объект ретінде табиғатты, ал адамды таным субъектісі ретінде анықтайтын идеяға айналды. Осы кезеңде азаматтардың жалпы бақыты үшін күресте еңбегі бар адамдарды бейнелеу керек деп танылды. Бұл ереженің жаңа ұсынылуы шіркеу байланыстарының жойылуын, білімді буржуазиялық қабаттың кеңеюін, мемлекеттің ықпал ету аймағының өсуін, «ұлттық өмірбаянды» құру үшін қажетті топырақтың қалыптасуын білдірді. Тарихи зерттеулердегі тұлғатануды түсіну дәстүрлері, тарихтағы тұлғаның рөлін талдаудың жекелеген аспектілері революцияға дейінгі орыс тарихшыларының еңбектерінде де көрініс табады.

Мәселен, белгілі орыс ғалымы С.М.Соловьевтің шығармашылығында тарихи даму барысын түсіну және түсіндіру оның көрнекті тұлғаның орнын, рөлі мен маңыздылығын түсіндіруінде көрінеді. Оның «ұлы адамның іс-әрекеті әрқашан халықтың бұрынғы тарихының нәтижесі болып табылады ... ұлы адам өзінің құдайлық мағынасын жоғалтады, ол өз еркімен жойып, жарататын болмыс емес, ол халықтың өкілі ретінде, халық өмірі мен тарихын тексеру ретінде үлкен мәнге ие болады. Ұлы адам өзінің маңызын жоғалтпайды, ал халық өзін бейсаналық түрде басқа біреудің еркі қуған жерге баратын табын дәрежесіне дейін төмендетілмейді» деген тұжырымы жұрттың көңілінен шығады (Соловьев 1991).

Мұнда автордың көзқарасы айқын байқалады, ол тарихи дамудың шарттылығы мен заңдылықтары арқылы ашылатын тарихи тұлға қызметінің объективті сипатын көрсетеді. Революцияға дейінгі көрнекті тарихшы В.О.Ключевскийдің еңбектерінде тұлғаның жеке және қоғамдық өміріне ерудің мақсаты жеке адамды психологиялық талдауға деген ұмтылыспен үйлеседі. Оның пікірінше: «ақыл-ой еңбегі мен адамгершілік ерлігі әрқашан қоғамның ең жақсы құрылысшылары, адам санасының ең қуатты қозғалтқыштары болып қала береді». Ғалым тарихты өмірбаянмен суреттеуді мақсат етпейді, бірақ нақты тұлғаны және оның қоғамдағы тарихи рөлін сипаттайтын бұрынғы адамдардың түрлерін анықтайды. Типологиялық портреттерді жасауда ол адамның моральдық-этикалық келбетіне үлкен мән береді. В.О.Ключевский өзінің тарихты түсінуі мен түсіндіруін келесідей білдіреді: «Адамның жеке басы, адам қоғамы және елдің табиғаты - бұл адамдар жатақханасын құратын үш негізгі тарихи күш» (Ключевский 1987). Кеңес заманында тарихты бұқара жасайды, ал онда тұлға тиісті рөл атқарады, өйткені ол дәуірдің талаптарын бейнелейді, бұқараның ерік-жігерін орындайды деген көзқарас басым болды. Дегенмен, әрине, осы бағыттың өзіне тән жоғары және әр түрлі үлгілері болған. Жалпы алғанда, соғысқа дейінгі кезеңде тарихи персоналикаға (тұлғатануға) ғылыми көзқарас белгіленеді, адамның өмірін зерттеу нысаны ретінде қабылдауға алғашқы әрекеттер пайда болады. Өмірбаяндық материалды беру формасы ғылыми әдістермен қойылған талаптарға сәйкес келе бастайды. Зерттеушілер сипатталған адамның өміріндегі фактілерді жай ғана тізімдеумен шектелмейді, сондай-ақ сол тұлғаның тұтас бейнесін жасайды. Тұлғатану проблемалары бойынша тарихшы Г.О.Винокурдың зерттеуі ерекше мәнге ие, онда өмірбаяндық презентация құрылымына пәндік талдау бар. «Тұлға - өмір сүретін жан және онсыз өмірдің өзі, тарихы жоқ нәрсе», - деп жазады Г.О. Винокур. Тарихи факт, өмірбаяндық факт болу үшін, осы адам оны қандай да бір түрде бастан өткеруі керек. Бастан өткеру - бұл тарих пен

жеке тұлға арасындағы талданатын қарым-қатынас формасы. Бастан өткеру тақырыбына айнала отырып, тарихи факт өмірбаяндық мағынаға ие болады. Сонымен, бұл қадам өмірбаяндық құрылымға терең енуі мүмкін (Винокур 1927). Кеңес тарихшысы Н.М.Дружининнің пікірінше, ең маңызды қайраткерлер туралы түсінігі жоқ, жалпы тарихи негізі жоқ, бейнеленген кезеңді түсінуі мен сезінуі жоқ тарихи зерттеуді толыққанды жұмыс деп санауға болмайды. Н.М. Дружинин бір-бірін алмастыратын дерексіз және біржақты схемалардың болуы жеке адамның жеке басын нақты зерттеуді қажет ететіндігін, бірақ маңызды тарихи рөл атқарған, қоғамның дамуындағы негізгі кезеңдерді бейнелейтін және тарихи процестің заңдылықтары мен ерекшеліктерін ашуға көмектесетінін атап өтті (Дружинин 1977).

Тарихи персоналға назар аудару зерттеушіден тарихи тұлғаның дүниетанымындағы әртүрлі аспектілерді көрсете білуді, қайраткердің әлеуметтік-саяси көзқарасын нақты анықтауды, сондай-ақ оның қоғамдағы орнын және оған замандастарының көзқарасын айқындауды қамтиды. Осы мәселелерді ашуда автордың тарихи зерттеудегі тұлғатану мәселесіне деген ұстанымы анықталады. Тарихи тұлға өзінің ниеті мен іс-әрекетінде уақыттың әлеуметтік қажеттіліктерін орындайды. Көрнекті ғалым В.В. Баженов персоналды зерттеу аспектісін қарастыра отырып, тарихи зерттеулерде бірқатар сұрақтарды бөліп көрсетеді: зерттеушілер жұмыс жазу кезінде қандай құралдар, әдістер мен теорияларды тартады, бұл тақырыпқа деген қызығушылықты не анықтайды, материалды дамытудың негізгі нүктесі қандай? Ол историзм уақыттың әлеуметтік-экономикалық, саяси шындықтарын ашудың кілтін бере алады және сонымен бірге дәуірдің психологиясын оның әртүрлі көріністерінде - діни, мәдени тұрғыдан түсінуге көмектеседі деп болжайды. Историзмнің кепілі - құжаттама. Оның академик Е.А.Тарленің өмірбаяндық жұмыстарда қандай әдістерді қолданғаны және оның еңбектерінде не негіз болғандығы туралы анықтаған «жеке адамның ең маңыздысын тек қоғамдық маңызы бар нәрсемен үндесетін дәрежеде таңдау қажет» деген ескертулері қызықты болып табылады. Бұл Е.Тарленің өмірбаяндық зерттеулерінде басшылыққа алатын нәрсе деп тұжырымдайды зерттеуші (Баженов 1972).

Зерттеуші Т.А.Павлованың мақаласында КСРО-дағы тарихи персоналистиканың дамуына талдау жасалған. Тұлғаның әлеуметтену құбылысын зерттей отырып, автор екі фактордың - тұлға мен дәуірдің диалектикалық өзара әрекеттесу мәселесіне назар аударады, объективті жағдайларды - қоғамдық-саяси ахуалды, қоршаған ортаның жеке

тұлғаны қалыптастыруға әсерін, субъективті жағдайларды - жеке тұлғаны тәуелсіз іздеуді көрсетеді; тарихи оқиғаларды талдау және бағалау көзі ретінде персонал туралы жұмыстың маңыздылығын негіздейді. «Тарихи өмірбаянды тым тар түсіндіруге болмайды. Қоғамның саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, рухани өмірінде маңызды рөл атқарған барлық ірі адам фигуралары осы санатқа жататыны анық. Бұған ғалымдар мен жазушылар да кіреді. Осындай қайраткерлердің әрқайсысының өмірбаяны тарих ғылымының бөлігі болып табылады, өйткені ол өзіне тән зерттеу әдістерін, құжаттамалық дереккөздермен жұмыс істеуді, қоғамдық-саяси күштердің әрекеті мен өзара әрекеттесуін талдауды, кейіпкер мен дәуірдің арақатынасын зерттеуді қолданады» (Павлова 1990).

1970 жылы тамызда Мәскеуде өткен XIII Халықаралық тарих ғылымдарының конгресінде негізгі қызу пікірталас «Тарих ғылымындағы өмірбаянның рөлі мен орны» (Труды XIII международного конгресса исторических наук, 1970) проблемасы төңірегінде өрбіді. Батыс мамандары А.Вильсон, В.Хубах, Луи де Йонг, Г.Л.Миколецкий, Ф.Энгельс-Яноши, Г.Лутцтың тарихи зерттеулердегі тұлғаларды зерттеуге қатысты теориялық және әдіснамалық әзірлемелері ерекше қызығушылық тудырды. Шетелдік және кеңестік зерттеушілер конгресте тарих ғылымындағы өмірбаянның рөлі мен орны мәселесін қарастыра отырып, персоналистика тарихи зерттеулердегі тәуелсіз бағыт болып табылады деген қорытындыға келді. Өмірбаянды тарихи даму контекстінде, құжаттық дереккөздердің кең спектрін тарта отырып және оларды талдай отырып зерделеу қажет. Адамның бүкіл өміріндегі тарихы Тарихқа, барлық объективті тарихи заңдылықтарға (әлеуметтік, экономикалық, саяси) байланысты көрсетіледі (Труды XIII международного конгресса исторических наук 1970). Өткен ғасырдың 40-шы жылдарында Кеңестік кезеңдегі қазақстандық тарихнамада өз халқының көрнекті қайраткерлерінің есімдерін қайта тірілту әрекеттері, әдетте, тарихшы-ғалымдардың үстінен сот-саяси процестерге айналған қайғылы нәтижеге ие болды. Қазақтың ірі тарихшысы, профессор Е.Б.Бекмахановтың тағдыры осындай. Е.Б.Бекмахановтың «Ісі» көптеген жылдар бойы тарихи персоналистика саласындағы ғылыми ізденістердің объективті процесін тежеді. Е. Бекмахановтың «Казахстан в 20-40-е годы XIX века» атты монографиясы бүгінгі күні де тұрақты құндылықты білдіреді (Бекмаханов 1992). Ғалымның тарихты түсіну мен түсіндірудегі ұстанымы тарихтағы жеке тұлға мәселесі арқылы да ашылады. Ол жеке тұлғаның проблемасына қоғамның белгілі бір әлеуметтік салаларына жатпайтындығына жақындайды. Тұлға, ең алдымен, адамдар арасындағы қарым-қатынаста көрінетін немесе осы қатынастардан туындаған қасиеттер мен ұмтылыстардың

көрінісінде зерттеледі. Тарихи процесті оқу үшін ол өткен адамдардың қызметін кең әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрғыдан қарастырады. Тұлғатану жанрына жататын 1984 жылы Ә.Х.Марғұлан дайындаған Ш.Ш.Уәлихановтың ғылыми өмірбаяны сапалы жаңа құбылыс болды (Марғұлан 1984). Ш.Ш.Уәлихановтың өмірі мен қызметі туралы Очерк Ш.Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағының ғылыми аппаратының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ол тарихи білім деңгейінің жоғарылауын ескере отырып, мамандарға да, көпшілікке де арналған басылым. Ә.Марғұланның тақырыпты түсінуінің өзіндік ерекшелігі мен тереңдігі оның энциклопедиялық ғалымның қазақстандық ғылымның дамуына қосқан тікелей үлесін талдаумен ғана шектелмейтіндігінде көрінеді. Ол Ш.Уәлихановтың ойлары мен идеяларының терең тарихилығын сенімді және дәлелді түрде көрсетеді, бұл автордың ғалымның тұлғасын ашудағы басты екінін білдіреді. XX ғасырдың 80-жылдарының ортасында тарих ғылымындағы маңызды оқиғалар Р.Б.Сүлейменов, В.А.Моисеевтің еңбектері болды (Сулейменов 1985). Олар қазақстандық кеңестік тарихнамада қазақ тарихшыларына арналған жұмыстардың өте аз екенін айтып, «бұл ретте тарихи оқиғалардың барысын терең және жан-жақты зерделеуге, оларда аса маңызды рөл атқарған тұлғалардың өмірі мен қызметін мұқият талдамай, олардың мағынасын түсінуге және ашуға болмайтынын» атап өтті (Сулейменов және Моисеев 1988). Сол кезеңдегі Отандық ғылымда көптеген дереккөздер, сондай-ақ тұлғалар бойынша әртүрлі сипаттамалық зерттеулер болған кезде, тарихи персоналистика тарихи ойды дамытудағы бағыт ретінде мамандардың елеулі назарынан тыс қалды және соңғы уақытқа дейін жеткіліксіз дамыды. Зерттеушілерге отандық тарих проблемаларын талдауда белгілі бір сәйкестік шеңбері көрсетілді, ал тарихтың көрнекті тұлғаларының өмірін зерттеуге қатысты дозаланған іріктеу әдісі қолданылды. Отандық тарихнаманың бұл ерекшелігін Ж.Қ.Қасымбаев дұрыс атап өтті: «өткен дәуірдің белгілі тұлғаларының өмірбаянын зерттеуге таптық көзқарас өз салдары бойынша өте ақаулы болып шықты. Феодалдық дәуір мен қазіргі заманның қазақ мемлекеттілігінің ірі тұлғаларын жария етуде зерттеушілердің ешқайсысы белсенділік танытуға батылы жетпейтін, өйткені оған нақты тыйым салынды немесе белгілі бір шек қолданылды. Әйтпесе, ұлтшылдық немесе басқа айыптаулардың белгісі сот-жазалаушы органдарға мұндай бағынбаушыларға ашық қастандық жасау үшін кең өкілеттіктер берді» (Қасымбаев 1999).

Жаңа фактілерді анықтау және жинақтау, тарихшылардың соңғы зерттеу әдістерін игеруі, тарихтың құбылыстары мен оқиғаларына әртүрлі дүниетанымдық көзқарастардан қарау түпнұсқалық тарихи білімге де,

теориялық түсінудің жоғары деңгейіне де әкеледі. Осыған байланысты, бұл проблеманы зерттеудегі оң процестер Қазақстан тарихнамасында Қазақстан егеменді мемлекет болып жарияланғаннан кейін орын алды. Соңғы жылдары отандық зерттеушілердің Тарихтағы тұлғаның рөлін ашуға байланысты бірқатар елеулі еңбектері пайда болды, олардың кейбіреулері тарихты жасаушы - адамның іс-әрекетіне қатысты дәуірді сипаттайтыны перспективада біз үшін қызықты болып табылады (Козыбаев 1991). Рухани-мәдени қатынастарын және зиялы қауым индикаторларын талдау арқылы ашылған бізді қызықтыратын дәуірдің егжей-тегжейлі баяндамасын кездестіретін жұмыстардың тағы бір бағыты А.Қанаева (Канаева 1989), Х.М.Әбжанов (Әбжанов 1992), Л.Я.Гуревич (Абжанов Х.М және Гуревич 1992), Р.Б.Сүлейменов (Сүлейменов 1990), Ш.Ю.Тастановтың (Тастанов 1995) зерттеулерінде көрсетілген. Алаш-Орданың көрнекті өкілі, заңгер Ж.Ақпаевтың өмірі мен қызметін зерттейтін М.Құл-Мұхаммедтің монографиясы ерекше қызығушылық тудырады (Кул-Мухаммед 1995). Саяси-құқықтық көзқарастарды қарастыра отырып, ХХ ғасырдың 20-30-жылдарындағы қоғамдық-саяси жағдайды қайта құра отырып, Ж.Ақпаевтың қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына қосқан үлесін айқындай келе, автор кез келген тарихи құбылысты, оқиғаны, тарихи тұлғалардың қызметін жалпы адамзаттық идеяларға, нанымдарға, көзқарастарға сүйене отырып қарастыру қажет деген қағиданы басшылыққа алады. Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының алғашқы бас директоры Ғаділет Әндианұлы Батырбековтің зерттеуі де өзіне ерекше назар аудартады, онда ірі ғалым, академик, ҚазКСР ҒА тұңғыш Президенті Қ.И.Сәтбаевтың тұлғасы зерттеледі (Батырбеков 1997). Автор кең тарихи кеңістікте болған белгілі бір оқиғаларды ғана емес, оларды нақты тұлғалардың бойынан да көрсетуге тырысады. Оның зерттеуінде қоғамның саяси және зияткерлік өмірінің атмосферасы қайта құрылады, идеялардың бастаулары, қоғамдық топтардың орналасуы, жеке тұлғалардың ұстанымдарын анықтайтын себептер ашылады және осы байланыстардың барлығы бірге беріледі. «Қоғамның тарихы, білімнің кез келген саласы сияқты, идеялардың тарихы ғана емес, адамдардың да тарихы болатыны бұрыннан белгілі», - деп атап өтті Ғ.Батырбеков. Қазақ хандығының ірі саяси және әскери қайраткері - хан Жәңгір туралы баяндайтын В.З.Ғалиевтің кітабы да үлкен қызығушылық тудырады. Онда ханның қызметі тарихи жағдаймен тығыз байланыста көрсетілген (Ғалиев 1998). Қазақстанның ХVШ ғасырдағы көрнекті әскери және мемлекет қайраткері Әбілқайыр ханның саяси өмірбаянына арналған И.Ерофееваның монографиясы ғылыми еңбектер арасында лайықты орын алады, онда жеке

тұлға мәселесі дәуірдің объективі арқылы берілген (Ерофеева 1999). И.Ерофееваның көзқарасы бойынша, тарихтың шыңына шыққан адам әлеуметтік процестерді неғұрлым жарқын, дөңес және айқын байқалатын түрде көрсетеді, сондықтан тұлғатану зерттеуі тарихи өзгерістердің мәніне ену үшін, қоғамның дамуындағы нақты қайраткерлердің рөлі мен орнын жан-жақты бағалау үшін өткеннің тұтас бейнесін қайта құру үшін қажет. Ж.Қ. Қасымбаевтың «қазақ хандықтарының мемлекет қайраткерлері (XVIII ғ.)» атты еңбегінде алғаш рет отандық ғылымда көрнекті тұлғалардың өмірбаянынан ең жарқын беттер ерекшеленетін очерк бөлімдерінің өзіндік тәжірибесі ұсынылады (Қасымбаев 1999). Тарихтағы жеке тұлғаның проблемасын түсіну оқшауланған құбылыс емес, дейді профессор Ж.Қ. Қасымбаев. Оны зерттеу зерттеушіден қоғамның өзіндік менталитетін түсіндіру және дәуірдің көрнекті қайраткерлерінің жеке қасиеттерін анықтау үшін «нәзік психологиялық инстинктке» ие болуды талап етеді. Яғни, ғалымның пікірінше, жеке тұлға дәуірдің жалпы перспективасына еніп, оның уақыттың шырмауында болатыны түсінілуі керек. Көрнекті адамның өмірбаяны ғылыми әдебиеттің ең көне жанрларының бірі болып саналады. Тарихи зерттеулерде ғалымдардың өмірбаяны ғылыми бағыттардың бірі болып табылады (Мажитов 1992), (Сеитов 1996), (Жусупов 2000). Белгілі бір ғалымның ғылыми, қоғамдық қызметі объективті түрде қоғамның әлеуметтік-мәдени дамуының факторы болып табылады. Ғалымның ғылыми өмірбаяны-бұл жаңалықтар мен кітаптар каталогы емес, шоғырланған ғылыми жауап емес, ол шынайы өмірді қайта құру. Зерттеушінің міндеттерінің бірі - ғылымның даму логикасы белгілі бір тұлғаның мінез-құлқын қалай анықтайтынын және олардың өмірлік импульсі мен жіберілуіне айналатынын түсіндіру. Ғалымның тұлғалық бейнесін зерттеу ғылым адамының барлық сипаттамаларында тек ғылымның объективті сипатына сүйене отырып жеткілікті түрде түсінілетіндігімен байланысты. Сондықтан әлеуметтік жағдайлар ғалымның бейнесін қайта құру кезінде ашылулар мен қате түсініктер пайда болатын сыртқы фон ретінде емес, бастапқыда оның ойының қозғалысын анықтайтын нәрсе ретінде әрекет етеді. Әлеуметтік-тарихи көзқарастан тыс ғылыми өмірбаянның негізгі проблемаларының ешқайсысы шешілмейді. Оқиға керемет адамның өмірі арқылы ашылуы керек және бұл ол үшін тек фон болып қалмауы тиіс. Екінші жағынан, тарих сол адамның өмірін, істерін, бейнесін түсіндіруі керек. Тарихты зерттей отырып, оны ізгілендіре келе, өмірбаян (мысалы, ғалымның) зерттеушіні ғылымға жақындатады, оның білімін кеңейтеді және оны ғылыми пікірталастардың қатысушысы етеді. Зерттеушінің жұмысы нені түсінеді - ол архив көздерін, кейіпкер туралы жазылғандардың бәрін, оның өз еңбектерін айт-

пағанда және дәуірдің өзіндік дәмін сақтай отырып, өмір сүрген уақытты сипаттайтын барлық нәрсені зерттейді. Бірақ бұл да жеткілікті емес, А.Акимова атап өткендей: «бұған қоса ғылыми болжамдар, дәлелдер, гипотезалар және, әрине, фактілерді дұрыс түсіндіру қажет» (Акимова 1966). Тарихи таным процесінде зерттеуші таным субъектісі ретінде әрекет етеді және таным объектісін - тарихи шындықты зерттеу үшін тарихи дереккөзге жүгінеді. Яғни, тарихи дереккөз - бұл субъект пен таным объектісі арасындағы делдалдық байланыс. Зерттеуші мынадай: «тұлға - факторлардың арақатынасы – дәуір» жиынтығын қарастыруы керек. Яғни, жеке тұлғаның (жеке бастама арқылы; объективті тарихи заңдылықтармен: әлеуметтік, экономикалық, саяси; кездейсоқтық факторы) тарихта және кері өзара тәуелділікте қалай көрінетінін талдау ерекше маңызға ие болады, онда тарих белгілі бір тұлғада қалай көрінетіні анықталады. Осылайша, ғылыми тұлғатану әдісі зерттеушінің қиялының күшімен немесе тілдің бейнесімен емес, фактілерді алу және талдау, дәлелдеу және тексерумен ерекшеленеді. Ғалымның жеке басы ғана емес, оны ғылыми қайта құру тәсілі де тарихи болып табылады. Қазіргі дәуірде ғылымның қоғам өміріндегі өзгерген рөліне байланысты тарихи персоналистиканың одан әрі дамуын ынталандыратын әлеуметтік қатынастардың тұтас жүйесінде тұлғаның көлемді көбеюіне тұжырым қалыптастыратын жаңа көзқарас қалыптасуда. Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Дархан Қыдырәлінің пікірінше, тұғырлы тұлға ғұмырлы тарихты жасаса, тарлан тарих та тегеурінді тұлғаны тудырады (Қыдырәлі, 2020). Дәуір тегершігі айналған сайын тау тұлғалардың керуен жолы аласармай, алыстай түсіп, асқақтай береді. 2020 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен ұлы тұлғалар ұлықталып, әл-Фарабидің 1150, Алтын Орданың 750 және Абайдың 175 жылдығы кеңінен аталып өтті. Мерейлі жылда көптеген сүбелі еңбек, салиқалы дүние жарық көрді. Мәселен, бір ғана «Егемен Қазақстанда» Фараби мен Абайға қатысты 150-ге жуық мақала жарияланыпты.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақаламыздың соңында «тұлға тану» мәселесіне арналған жоғарыдағы анықтамалар мен талаптарды саралай келе, қазіргі күнгі Қазақстан тарихшы, қоғам тану ғылымы өкілдерінің алдында төмендегідей келелі міндеттер тұрғандығын айтқымыз келеді. Ең алдымен, Қазақстанның тәуелсіздігі жылдарындағы еліміздің әр бағыттағы дамып, өркендеуіне айырықша үлес қосқан, осы арқылы олардың есімдерін елді мекендер, көшелерге беру, ескерткіштер орнату арқылы атқарған қызметтерін ұр-

пақ алдында насихаттап, құрметтеу, үлгі ету қажеттігі айқын. Осы талапты іске асыру жолында тәуелсіздік мерзіміндегі ерекше еңбектер атқарып, есімдері белгілі болған жекелеген азаматтарды осындай игі де нәтижелі істеріне орай «республика, облыс, аудан, ауыл деңгейіндегі тұлғалар» деп бөлу қажет деп есептейміз. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін арнайы деңгейдегі құрылған комиссиялар біріншіден, осындай құрметке ұсынылатын жеке тұлғалардың қызметтерін айқындайтын нақты құжаттардың болуына назар аударулары тиіс. Екіншіден, аталған мақсаттағы жоғарыдағы көрсетілген талаптарға сай бұл үшін арнайы құрылған комиссия тиісті қорытынды жасап, қабылданған шешімді дәрежелеріне сай облыстық және республикалық аномастикалық комиссияның қарауына ұсынуы керек. Міне осындай шаралар атқарылғанда Тәуелсіз Қазақстанның, оның өңірлерінің даму тарихындағы лайықты орны бар «тұлғалар» анықталып, лайықты бағасын алады, есімдері ұрпағының жадында сақталады деп есептейміз. Президентіміз Қ.К.Тоқаев Бурабайда өткен Төртінші құрылтайда айтқандай, біздің көрнекті тарихи тұлғаларымыз ұлықтауға әбден лайық. Олардың есімін ел жадында сақтау – перзенттік парызымыз әрі жалпыұлттық болмысымызға тән қасиет. Бірақ ономастиканы «тарихи еңбегі» ешқандай архив құжаттарымен расталмаған тұлғаларды ұлықтау құралы етуге болмайды (Мемлекет басшысының IV Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзі 2025). Жалпы, бұл жұмысты ретке келтіру керек. Өткен заман қайраткерлерінің атын ел жадында сақтау мәселесіне мейлінше салмақты көзқараспен қараған жөн. Қалалар мен көшелердің атауынан халқымыздың төл тарихы көрініс табуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Абжанов, Х. М., және Л. Я. Гуревич. 1992. Интеллигенция Казахстана: история, теория, современность. Алматы.

Абжанов, Х. 2015. «Ұлттық және ортақ түркі тарихын зерттеу методологиясы». Президент және халық, 11 желтоқсан, № 51 (537).

Акимова, А. 1966. История и биография. Историко-биографический альманах. Т. 1. Москва: Молодая гвардия.

Баженов, В. 1973. «Биографический метод в научном творчестве академика Е. Тарле». В История и историки, 293. Москва: Наука.

Батырбеков, Г. 1997. Наследие академика К. И. Сатпаева по общественным наукам. Алматы: Ғылым.

Бекмаханов, Е. 1992. Казахстан в 20–40-е годы XIX века. Алма-Ата.

Винокур, Г. О. 1927. Биография и культура. Москва: Государственная академия художественных наук.

Галиев, В. З. 1998. Хан Джангир и Орбулакская битва. Алматы: Ғылым.

Дружинин, Н. М. 1977. «Молодым историкам». В Будущее науки, вып. 9, 233. Москва: Знание.

Ерофеева, И. 1999. Хан Абулхир: полководец, правитель и политик. Алматы.

Жусупов, Е. 2000. Машхур Жусуп Копеев и исторические личности в его рукописях. Дисс. канд. ист. наук, Астана.

Канаева, А. 1989. «Исторические судьбы научной интеллигенции Казахстана в послевоенные годы». Известия АН КазССР: Сер. общ. наук 6: 44–50.

Касымбаев, Ж. К. 1999. Государственные деятели казахских ханств (XVIII век). Алматы: Білім.

Ключевский, В. О. 1987. Сочинения, т. 1. Москва: Мысль.

Козыбаев, М. 1991. История и современность. Алматы: Ғылым.

Кул-Мухаммед, М. 1995. Жакып Акпаев: Патриот. Политик. Правовед. Алматы: Атамұра.

Күзембайұлы, А. 2018. «Тұлғатану ғылымын қалыптастыру керек». Егемен Қазақстан, 24 желтоқсан, № 244, Б. 4.

Тоқаев, Қ. К. 2025. «Мемлекет басшысының IV Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзі». 14 наурыз. <https://qazaqstan.tv/news/208281/> (қаралған күні: 25.05.2025).

Қыдырәлі, Д. 2020. «Тұлғатану төңірегіндегі түйткілдер». Егемен Қа-

зақстан, 11 желтоқсан. <https://egemen.kz/article/258384-tulghatanu-tonhiregindegi-tuytkilder> (қаралған күні 25.05.2025).

Мажитов, С. 1992. Жизнь, деятельность и исторические взгляды Бекмаханова Е. Дисс. канд. ист. наук, Алматы.

Маргулан, А. Х. 1984. «Очерк жизни и деятельности Ч. Ч. Валиханова». В Валиханов Ч. Ч. Собр. соч., т. 1, 5–77. Алма-Ата.

Миколецкий, Г., Г. Лютц, және Ф. Энгельс-Яноши. 1970. «Биография и историческая наука». В Труды XIII международного конгресса исторических наук, т. 3, 12. Москва: Наука.

Назарбаев, Н. Ә. 2019. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын жүзеге асыру аясындағы Отан тарихындағы тұлғаның рөлі. Алматы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты.

Назаралы, Ә. 2019. «Ұлы дала тұлғалары» орталығының жетекші ғылыми қызметкері. Тұлғатанудың жаңа методологиясын жасауымыз керек». 4 сәуір. <https://almaty-akshamy.kz>

Павлова, Г. А. 1990. «Историческая биографистика в СССР». Новая и новейшая история 2: 47.

Сактағанова, Ә. Б., Г. С. Конкина, және Р. Е. Мамбетов. 2023. «Тарихтағы тұлғатану мәселесін зерттеудің әдіснамалық негізі (Сейдәзім Қадырбаевтың мысалында)». Вестник Карагандинского университета. Серия: История. Философия 1(109).

Светоний, Г. Т. 1993. Жизнеописание двенадцати цезарей. Москва: Наука.

Сеитов, Ә. 1996. А. Н. Букейхан как историк и общественно-политический деятель. Автореф. дис. канд. ист. наук, Алматы.

Соловьёв, С. 1991. Сочинения, кн. VII, т. 13–14. Москва: Мысль.

Сүлейменов, Р. Б., және В. А. Моисеев. 1988. Из истории Казахстана XVIII века (о внешней и внутренней политике Аблая). Алма-Ата: Наука.

Сүлейменов, Р. Б., және В. А. Моисеев. 1985. Чокан Валиханов – востоковед. Алма-Ата: Наука.

Сүлейменов, Р. Б., және Ш. Ю. Тастанов. 1990. «Интеллигенция и перестройка». Известия НАН РК. Сер. общ. наук 4: 3–15.

Тастанов, Ш. Ю. 1995. «Казахская интеллигенция в ретроспективе и перспективе». Мысль 12: 25–30.

Труды XIII международного конгресса исторических наук. 1970. Т. 4. Москва: Наука.

Шілдебай, С. 2019. «Тұлғатанудың негізін қалай алдық па?» Ана тілі, 14 наурыз. <https://kazgazeta.kz/news/5178>

REFERENCES:

Abzhanov, H. M., zhane L. Ja. Gurevich. 1992. *Intelligencija Kazahstana: istorija, teorija, sovremennost'* [The Kazakh Intelligentsia: History, Theory, Modernity]. Almaty.

Abzhanov, H. 2015. «Ultykzhane ortaqturkitarihyn zertteu metodologiasy» [Methodology of Studying National and Common Turkic History]. *Prezident zhane halyq*, 11 zheltoqsan, № 51 (537).

Akimova, A. 1966. *Istoria i biografiya. Istoriko-biograficheski al'manah* [History and Biography. Historical and Biographical Almanac]. T. 1. Moskva: Molodaa gvardia.

Bazhenov, V. 1973. «Biograficheski metod v nauchnom tvorchestve akademika E. Tarle» [The Biographical Method in the Scientific Work of Academician E. Tarle]. *V Istoria i istoriki*, 293. Moskva: Nauka.

Batyrbekov, G. 1997. *Nasledie akademika K. I. Satpaeva po obshhestvennym naukam* [The Legacy of Academician K. I. Satpayev in the Social Sciences]. Almaty: Gylym.

Bekmahanov, E. 1992. *Kazahstan v 20–40-e gody XIX veka* [Kazakhstan in the 1820s–1840s]. Alma-Ata.

Vinokur, G. O. 1927. *Biografiya i kultura* [Biography and Culture]. Moskva: Gosudarstvennaia akademiya hudozhestvennyh nauk.

Galiev, V. Z. 1998. *Han Dzhangir i Orbulakskaja bitva* [Khan Dzhangir and the Battle of Orbulak]. Almaty: Gylym.

Druzhinin, N. M. 1977. «Molodym istorikam» *V Budushhee nauki*, vyp. 9, 233 [To Young Historians. In The Future of Science]. Issue 9, 233. Moskva: Znanie.

Erofeeva, I. 1999. *Han Abulhir: polkovodec, pravitel i politik* [Khan Abulkhair: Commander, Ruler and Politician]. Almaty.

Zhusupov, E. 2000. *Mashhur Zhusup Kopeev i istoricheskie lichnosti v ego rukopisah*. Diss. kand. ist. Nauk [Mashkhor Zhusup Kopeyev and Historical Figures in His Manuscripts]. PhD diss., Astana.

Kanaeva, A. 1989. «Istoricheskie sudby nauchnoi intelligencii Kazahstana v poslevoennye gody». *Izvestia AN KazSSR: Ser. obshh. nauk* 6: 44–50 [The Historical Fate of Kazakhstan's Scientific Intelligentsia in the Postwar Years]. *Proceedings of the Academy of Sciences of the KazSSR: Series of Social Sciences* 6: 44–50.

Kasymbaev, Zh. K. 1999. *Gosudarstvennye deateli kazahskih hanstv (XVIII vek)* [Statesmen of the Kazakh Khanates (18th Century)]. Almaty: Bilim.

- Kluchevski, V. O. 1987. Sochinenia, t. 1 [Works, vol. 1]. Moskva: Mysl'.
- Kozybaev, M. 1991. Istoria i sovremennost' [History and Modernity]. Almaty: Gylym.
- Kul-Muhammed, M. 1995. Zhakyp Akpaev: Patriot. Politik. Pravoved [Zhakyp Akpayev: Patriot. Politician. Jurist]. Almaty: Atamura.
- Kuzembaiuly, A. 2018. «Tulgatanu gylymyn qalyptastyru kerek». Egemen Qazaqstan, 24 zheltoqsan, № 244, B. 4 [It Is Necessary to Form a Science of Personal Studie]s. Egemen Kazakhstan, December 24, no. 244, p. 4.
- Toqaev, Q. K. 2025. «Memleket basshysynyn IV Ulttyk quryltaida soilegen sozi». 14 nauryz [Speech of the Head of State at the IV National Kurultai]. March 14. <https://qazaqstan.tv/news/208281/> (accessed: 25.05.2025).
- Qydyrali, D. 2020. «Tulgatanu toniregindegi tyitkilder». Egemen Qazaqstan, 11 zheltoqsan [Challenges Surrounding Personal Studies]. Egemen Kazakhstan, December 11. <https://egemen.kz/article/258384-tulghatanu-tonhiregindegi-tuytkilder> (accessed: 25.05.2025).
- Mazhitov, S. 1992. Zhizn, deatelnost i istoricheskie vzgliady Bekmahanova E. Diss. kand. ist. Nauk [Life, Work and Historical Views of E. Bekmakhanov. PhD diss.], Almaty.
- Margulan, A. H. 1984. «Ocherk zhizni i deiatelnosti Ch. Ch. Valihanova». V Valihanov Ch. Ch. Sobr. soch., t. 1, 5–77 [Essay on the Life and Activities of Ch. Ch. Valikhanov]. In Collected Works of Ch. Ch. Valikhanov, vol. 1, 5–77. Alma-Ata.
- Mikolecki, G., G. Lutc, zhane F. Jengels-Janoshi. 1970. «Biografia i istoricheskai nauka». V Trudy XIII mezhdunarodnogo kongressa istoricheskikh nauk, t. 3, 12 [Biography and Historical Science]. In Proceedings of the XIII International Congress of Historical Sciences, vol. 3, 12. Moskva: Nauka.
- Nazarbaev, N. Ə. 2019. «Uly dalanyn zheti qyry» maqalasy zhuzege asyru aiasyndagy Otan tarihyndagy tulganyn roli. Almaty: Sh.Sh. Ualihanov atyndagy Tarih zhane etnologia instituty [The Role of the Personality in National History in the Context of the Article «The Seven Facets of the Great Steppe». Almaty: Institute of History and Ethnology named after Ch. Ch. Valikhanov].
- Nazaraly A. 2019. «Uly dala tulgalary» ortalygynyn jetekşi gylymi qyzmetkeri. Tulgatanudyn zhana metodologiasyn jasaumyz kerek. 4 sauir [Leading Researcher of the Center 'Figures of the Great Steppe'. We Must Develop a New Methodology for Personal Studies. April 4]. <https://almaty-akshamy.kz>

Pavlova, G. A. 1990. «Istoricheskaia biografistika v SSSR». *Novaia i noveishaia istoria* 2: 47 [Historical Biographistics in the USSR. *New and Contemporary History* 2: 47].

Saktaganova E.B., Konkina G.S., Mambetov R. E. 2023. Tarihtagy tulgatanu maselesin zertteudin adisnamalyq negizi (Seidazim Qadyrbaevtyn mysalynda). *Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seria «Istoria. Filosofia»* [G. S. Konkina, and R. E. Mambetov. 2023. *Methodological Foundations of Researching the Issue of Personal Studies in History (Using the Example of Seydazim Kadyrbayev)*]. *Bulletin of Karaganda University. Series: History. Philosophy.* № 1 (109)

Svetoni, G. T. 1993. *Zhizneopisanie dvenadsati cezarei* [The Lives of the Twelve Caesars]. Moskva: Nauka.

Seitov, Je. 1996. A. N. Bukeihan kak istorik i obshhestvenno-politicheski deiatel. Avtoref. dis. kand. ist. Nauk [A. N. Bukeykhan as a Historian and Public-Political Figure. Abstract of PhD diss.], Almaty.

Soloviov, S. 1991. *Sochinenia*, kn. VII, t. 13–14 [Works, book VII, vols. 13–14]. Moskva: Mysl'.

Suleimenov, R. B., zhane V. A. Moiseev. 1988. *Iz istorii Kazahstana XVIII veka (o vneshnei i vnutrennei politike Ablai)* [From the History of Kazakhstan in the 18th Century (On the Foreign and Domestic Policy of Ablai)]. Alma-Ata: Nauka.

Suleimenov, R. B., zhane V. A. Moiseev. 1985. *Chokan Valihanov – vostokoved* [Chokan Valikhanov – Orientalist]. Alma-Ata: Nauka.

Suleimenov, R. B., zhane Sh. Ju. Tastanov. 1990. «Intelligencija i perestrojka». *Izvestija NAN RK. Ser. obshh. nauk* 4: 3–15 [1990. [The Intelligentsia and Perestroika. *Proceedings of the NAS RK. Series of Social Sciences* 4: 3–15].

Tastanov, Sh. Ju. 1995. «Kazahskaia intelligencija v retrospektive i perspektive» [The Kazakh Intelligentsia in Retrospect and Prospect]. *Mysl* 12: 25–30.

Trudy XIII mezhdunarodnogo kongressa istoricheskikh nauk. 1970 [Proceedings of the XIII International Congress of Historical Sciences. 1970. Vol. 4.]. T. 4. Moskva: Nauka.

Shildebai, S. 2019. «Tulgatanudyn negizin qalai aldyq pa?» *Ana tili*, 14 nauryz [Have We Laid the Foundations of Personal Studies? *Ana Tili*, March 14]. <https://kazgazeta.kz/news/5178>